



## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылы 28 қыркүйектегі N 1468 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 29 желтоқсан N 2009

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Зейнеткерлер мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар алушылар бойынша орталықтандырылған деректер базасын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі N 1468 Р991468\_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтағы "деректердің" деген сөздің алдынан "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында (бұдан әрі - ЗТМО)" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

министрлігі ЗТМО-мен орталықтандырылған деректер базасын құру жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орындауға шарт жасассын".

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ЗТМО-ның орталықтандырылған деректер базасын құру үшін қажетті қосымша жабдықтар сатып алуды жүзеге асырсын".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК